# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
## 2021-2022 жыл
## қыркүйек айы
## Өтпелі тақырып «Балабақша»

**Мақсаты:** кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту негізінде танымдық ой-өрістерін, адамгершілік, эстетикалық дамуын, денсаулығын нығайту, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру

**Міндеттері**:
- әдептілік ережелерімен таныстыру, ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
-қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.
- Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
- музыкалық ырғақты қимылдарға қызығушылықтарын қалыптастыру;

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I «Менің Балабақшам»** | **Сурет салу Тақырыбы: «Балабақшадағы әдемі бояулар»** | Мақсаты: қағазбен, қарындашпен таныстыру. Көлденең, тігінен сызықтар сызуды үйрету. | Қарындаш-карандаш | Қарындаштарды қолға дұрыс ұстатып, үзік сызылған әртүрлі сызықтарды бастырып сызу. | Әр балаға А4 қағаз, түрлі түсті қарындаш, дайын үлгі. | **Дидактикалық ойын:** «Көңілді сызықтар» Мақсаты: Әртүрлі сызықтарды сызу арқылы қолдарын қарындашпен жұмыс жасауға үйрету. |
| | **II «Менің достарым»** | **Сурет салу Тақырыбы: Досыма доп сыйлаймын.**<br><br>**Мүсіндеу Тақырыбы:**«Досыма арналған моншақ » | **Мақсаты:** Балаларға доп туралы түсінік бере отырып,дайын дөңгелек пішінді дұрыс бояуға үйрету<br><br>**Мақсаты:**Алақанға салып тік және дөңгелек етіп есуді, моншақтың мүсінін жасауды үйрету | Доп- мяч, дөңгелек.<br><br>Моншақ-бусинки, есу. | Дайын дөңгелек пішінді әртүрлі қарындашпен бояу.<br><br>Ермексазды алақанмен есу арқылы дөңгелек пішіндер мүсіндеу. | Суреттер, түрлі-түсті доптар, бала саны бойынша қағаз, түрлі-түсті қарындаштар.<br><br>Моншақтың суреттері, ермексаз, сүлгі. | **«Пішіндерді ажырат»** __**Мақсаты:**__ Пішіндерді жерге шашып балалар жинап, алған пішінін және түсін айтады.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Жақсылық-жамандық»** -Ағаштарды отырғызу. -Орманды өртеу. -Құстарға жем шашу. -Суды ластау. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **III «Менің сүйікті ойыншықтарым»** | **Сурет салу** **Тақырыбы:**Досыма сыйлық | **Мақсаты:**Дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды үйрету. | Дөңгелек-круглый | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу. Трафаретпен доптың пішінін губкалы таяқшамен бастырып салу. Салынған суреттің үстінен қылқылыммен әртүрлі ирек сызықтар сызу. | Доптың пішіні ойылған трафарет, гуаш, қылқалам, әр балаға ақ парақ, сүлгі. | **«Зейінді бол»** **Мақсаты:** топтық жарысқа дағдыландыру. |
| | **IV «Жиһаздар»** | **Сурет салу** **Тақырыбы: Теледидар**<br><br>**Жапсыру** **Тақырыбы: Үстел** | **Мақсаты:** Балаларға теледидар туралы түсінік беру. Пішіні мен бөліктерін дұрыс орналастыра отырып, суретін шығару.<br><br>**Мақсаты:** Балаларға үстел туралы түсіндіру. Оның бөліктерін дұрыс жапсыра білуге үйрету. | Теледидар-телевизор<br><br>Жиһаз, үстел. | Пішіндерді пайдаланып теледидар суретін бастыру.<br><br>Жапсыру | Теледидар суреті, гуаш ,пішіндер?, сүлгі.<br><br>Теледидар суреті, Әр балаға ақ қағаз, жетім, сүлгі. | **Дидактикалық ойыны «Қандай пішін шықты?»** **Мақсаты:** Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.<br><br>Қимылды ойын Жалаушаны әкел (таяқ арқылы аттап өту) Мақсаты: жалдамалылыққа, лыққа үйрету. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»** | **Тақырыбы: «Ұзын, қысқа жолдар»** | сызықтар сызуды жалғастыру, қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. | Бағдаршам- светофор - traffic light | Дәстүрлі қылқалам арқылы сурет салу | Қылқалам, сурет дәптері, бояулар, су, жұмсақ борлар.Бағдаршам суреті. | **Мақсаты:** балдардың қолдарын дамыту. |
| **IVапта «Алтын күз»** | **Сурет салу Тақырыбы: Жау-жау , жаңбыр** (дайын үлгідегі бұлттың астына)<br><br>**Жапсыру Тақырыбы: Күзгі** «бұлт» | **Мақсаты:** Тік сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру.<br><br>**Мақсаты:** Балаларға бұлт оның қасиеті туралы түсінік беру. Қиылған бұлттарды жоғары төмен жапсыра білу. | Жаңбыр- дождь<br><br>Бұлт- небо | Жоғарыдан төмен қарай жаңбыр тамшыларын салу<br><br>Бұлт суретін төмен жоғары Жапсыру. | Жаңбыр сурет үлгісі, түрлі түсті қарындаш, А4 қағазы.<br><br>Демонстрациялық материалдар, бұл суреті,жетім. | **Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балдар күн мен жаңбырды ажырата біледі.<br><br>**Дидактикалық ойыны «Зейінді бол»**<br>**Мақсаты:** Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. |

Scanned by TapScanner

**Қазан айы**

**Өтпелі тақырып: «МЕНІҢ ОТБАСЫМ»**

**Мақсаты:** балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

**Міндеттері:**

-отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;

- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;

- - отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу.

| Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **I апта «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»** | **Сурет салу Тақырыбы: Менің үйім** | **Мақсаты:** Балаларға үй тұрғызу және үйдің құрлысы туралы түсінік бере отырып, сурет салуға қызығушылық таныту | Үй- дом | Дайын үй суретін түрлі түсті қарындашпен сурет салу. | Әр балаға А4 қағаз, гуаш бояуы, қылқалам, | **Қимылды ойыны « Үй құрастыр»** <br> **Мақсаты:** Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. |
| **II апта «Менің көшем»** | **Сурет салу Сурет.Трафаретпен жұмыс Тақырыбы: «Көше шамдары»** <br><br> **Мүсіндеу Тақырыбы: Анамның қолшатыры** | **Мақсаты:** Балаларға көше шамдарының не үшін керек екенін түсіндіре отырып, дәстүрден тыс суретсалудың трафарет әдісімен сурет салуды үйрету. <br><br> **Мақсаты:** Балаларға қолшатыр туралы түсінік беру. Қолшатыр не үшін қажет екенін түсіндіру. | Көше-улица-street. Шам- лампа <br><br> Қолшатыр-зонтик | Дәстүрден тыс трафареттер арқылы сурет салу. <br><br> Мүсіндеу | Қағаз, трафарет, гуаш, сүлгі. <br><br> Ермексаз, бағдаршам үлгісі, сүлгі. | **Дидактикалық ойыны «Зат неге ұқсайды?»** <br> **Мақсаты:** Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. <br><br> Дидактикалық ойын «Айтшы қандай?» <br> Мақсаты: Балаларды заттың белгілерін анықтауға үйрету <br> Шарты: Тәрбиеші (немесе бала) қорапшаның ішінен, заттарды алып шығады, балалар заттың атауы мен белгісін айтады |
| **III апта** | **Сурет салу** | **Мақсаты:** оңнан солға қарай түзу | | | | **Дидактикалық ойын:** «Жолдан өтейік» |

**Қараша айы**

**Өтпелі тақырып: «ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ»**

**Мақсаты:** Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйрету.

**Міндеттері:**

-шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлыққа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;

- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;

- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I апта «Өзім туралы»** | **Сурет салу Тақырыбы: «Менің моншақтарым» Үстел-үсті ойыны:** «Моншақтарды тізбекте» | **Мақсаты:** Сызықтар жүргізу арқылы дөңгелектерді бір-біріне қосуды үйрету. | Моншақ-бусинки | Үзік сызылған моншақ суретті бір біріне қосу арқылы суретін бояу. | Әр балаға монша суреті бар қағаз, қылқалам, дайын сурет үлгілері | **Дидактикалық ойыны «Ненің баласы?»** **Мақсаты:** Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. |
| | **II апта «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»** | **Сурет салу Тақырыбы: Дәмді алмалар** <br> **Жапсыру Тақырыбы: «Ыдыстағы көкөніс»** | **Мақсаты:** Трафареттің көмегімен алманы парақ бетіне дұрыс түсіре білуге үйрету. <br> **Мақсаты:** Дөңгелектің ішіне кішкентай көлемді сопақша пішіндерді орналастыра білуге үйрету. | алма – яблоко - apple қызыл – красный. | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу. Трафареттер арқылы губка таяқшасымен сурет бастыру <br> Тәрелке суретінің ішіне көкөністердің жабыстыру. | Күз мезігілінің суреті, ыдыстағы алманың суреті. Бояулар, қылқалам, қағаз, су, сүлгі, сурет дәптер. <br> Көкөністердің суреті, тәрелке суреті бар қағаздар. | **Дидактикалық ойыны «Зат неге ұқсайды?»** **Мақсаты:** Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. <br> «Кім көп айтады?» Мақсаты: Балалардың қызығушылықтарын дамыта отыра, сөздік қорын молайту. Құралдар: жануарлардың суреттері мен мекендеп жүрген суреттері, өнімдері «сүт, май, айран, ірімшік, сүзбе, құрт |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **III апта**<br><br>**«Өзіңе және өзгелерге көмектес»** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Торғайларға жем шашамыз»** | **Мақсаты:**<br>Фломастер, қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету. | Құстар-птицы,<br>қарлығаш-ласточка,<br>торғай-воробей | Үзік үзік сызықтарды фламастермен қосу арқылы торғайда бейнесін шығару. | Ақ бет қағаз, фламастер,сүлгі, үнтаспа. | **Дидактикалық ойын:** «Торғайды тамақтандыр»<br>Мақсаты: Табиғатты қорғауға,құстарды қамқорлауға үйрету. |
| | **IVапта**<br><br>**«Біз күштіміз, ептіміз»** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы.**<br>«Еңбек құралдары»<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Футбол добы»** | **Мақсаты:** Балаларға еңбек құралдары туралы түсінік бере отырып, топқа бөлу арқылы трафарет көмегімен еңбек құралдарын қағаз бетіне дұрыс түсіруін қадағалау.<br><br>**Мақсаты:**<br>Ермексазды домалақтау әдісі арқылы доп жасауға үйрету. | Күрек,<br>ара, балта,<br>балға<br><br>Доп-мячь,<br>футбол | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс трафареттер арқылы губкалы таяқшамен еңбек құралдарының бейнесін шығару.<br><br>Мүсіндеу | Еңбек құралдарының суреттері, трафарет, губкалы таяқша, ақ бет қағаз.<br><br>Футбол ойынының суреті, ермексаз, топтың суреті, сүлгі. | **«Ұшты - ұшты»**<br>**Мақсаты:** Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br><br>**Дидактикалық ойын**: «Күшті доптар»<br>Мақсаты: Балдарды топтық ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |

Scanned by TapScanner

**Желтоқсан айы**

**Өтпелі тақырып: «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»**

**Мақсаты:** Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

**Міндеттері:**
- Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныштарын, қызығушылықтарын ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тақпақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I апта «Жайнай бер Қазақстаным»** | **Сурет салу Тақырыбы:** Әдемі жалаушалар | **Мақсаты:** Әр түрлі жалаушалардың қолдану қасиеттері туралы түсіндіру. Жалаушаны ұқыпты салуға үйрету. | Жалау- флаг | Төрт бұрыш пішінді,ұзын таяқшаға бекіту әдісі арқылы қағаз бетіне суретін салу. | Қарындаш, ақ бет қағаз, таяқшалар, төртбұрышты пішін. | **Дидактикалық ойыны «Сиқырлы қалта»** **Мақсаты:** Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. |
| | **II апта «Туған өлкем»** | **Сурет Тақырыбы:** Мерекелік шарлар<br><br>**Мүсіндеу Тақырыбы:** Автобус | **Мақсаты:** Балаларға тәуелсіздік туралы түсінік бере отырып, мерекеге арналған шарлар сауды үйрету.<br><br>**Мақсаты:** Балаларға көлік туралы түсінік беру. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, автобустың мүсінін жасауға үйрету | Шар- шарики<br><br>Автобус, көліктер | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс гупка таяқшаларымен сурет салу.<br><br>Мүсіндеу | Гуаш, губкалы таяқша, су, қылқалам, ақ бет қағаз.<br><br>Автобус суреттері, ермексаз, тақтайша, сүлгі, үлгі суреттер. | «Қыста қандай қызық бар»ойыны Балалар қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтып қандай табиғат құбылыстары болатынын көрсетеді.<br><br>Дидактикалық ойын:«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. |
| | **III апта «Астана- Отанымыз** | **Сурет салу Тақырыбы: «Пирамида»** | **Мақсаты:** Балаларға пирамида туралы түсінік бере отырып, | Түрлі түсті пирамида – разноцветная | Дәстүрден тыс трафарет арқылы сурет салу | Ақ бет қағаз, гуашь, қылқалам, су, сүлгі, трафарет. | Дидактикалық ойын: «Үй құрылысының ретін көрсет» Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | -дың жүрегі» | | трафарет арқылы сурет салуды үйрету. | пирамида, ойыншықтар – игрушки. | | | қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. |
| | **IVапта «Тәуелсіз Қазақстан »** | **Сурет салу Тақырыбы: Күлімде күн (ұжымдық жұмыс)** | **Мақсаты:** Алақанмен сурет салу қабілеттерін бекіту. Күннің шуақтарын түсіне сәйкестендіре жылдам басып салуға үйрету. Күн шуағын әсем бейнелей отырып, табиғатты аялау тәрбиелеу | Күн- сольнце | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс алақанмен сурет салу. | Гуаш, су, сүлгі,А3 қағаз, күннің сурет үлгісі. | **«Күн мен түн»** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. |

Scanned by TapScanner

**Қаңтар айы**

**Өтпелі тақырып: «ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»**

**Мақсаты:** Балалардың тірі,өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

**Міндеттері:**

-дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы балаларды өсімдіктерді атап, көкөністер мен жемістерді ажыратып айта білуге үйрету;

-қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулу;

-эстетикалық қабылдауларын, түрлі сенсорлық әсерлерін дамыту.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **І апта «Айналамыздағы өсімдіктер»** | **Сурет салу Тақырыбы.** «Қысқы ағаштар келбеті» | **Мақсаты:**. Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан қысқы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру | Қыс-зима | Дәстүрден тыс пішіндер арқылы қырыққабат жапырақтарынан қысқы ағаш келбетін салу | Су құйғыш, қылқалам, сүлгі, су, қысқы ағаш үлгісі,гуашь. | Не жоқ?» дидактикалық ойыны Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. |
| | **ІІ апта «Жануарлар әлемі»** | **Сурет салу Тақырыбы: Қардағы іздер**<br><br>**Мүсіндеу Тақырыбы: «Шырша»** | **Мақсаты:** Парақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіруге үйрету.<br><br>**Мақсаты:** Балаларды мүсіндеудің әдісін үйрете отырып, шырша жасауға үйрету. | Қоян – заяц - rabbit<br><br>Шырша- елька | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс алақанмен сурет салу.<br><br>Мүсіндеу | суреттер, үлгі, бояу, су, сүрткіш, қылқалам<br><br>Ермексаз, шыршаның суреті, тақтайша, сүлгі. | **Дидактикалық ойын:** «Іздерді ата» **Мақсаты:** әртүрлі жануар іздерін табу<br><br>Дидактикалық ойын: «Ұзын-қысқа» Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру. . |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **III апта «Құстар-біздің досымыз»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Суық торғай» | **Мақсаты:** Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіндіре отырып, трафарет көмегімен қағаз бетіне торғайды ұқыпты түсіре білу. | Торғай-варабей | Дәстүрден тыс трафареттер арқылы сурет салу | Құстың суреті, үлгісі, гуаштар, қылқалам, су құйылған ыдыс, сүлгі, трафарет | **Дидактикалық ойыны № 23 «Не жоқ?»** **Мақсаты:** Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. |
| | **IVапта «Ғажайып қыс»** | **Сурет салу Тақырыбы: Жапалақтап қар жауды**<br><br>**Жапсыру Тақырыбы: «Балапан»** | **Мақсаты:** Қағазға саусақ арқылы қардың суретін салуға үйрету. Балалардың саусақ бұлшық еттерін дамыту.<br><br>**Мақсаты:** Балаларға балапанның түсін, дене құрлысын түсіндіру. Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра білу | Қар- снег Қар ұшқындап, жапалақтап, борандатып жауады. Аққала-снеговик.<br><br>Балапан-цыпленок | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс саусақтармен сурет салу.<br><br>Жапсыру | Қардың суреті, қағазбен жасалған қарлар, гуаш, көк түсті қағаз.<br><br>Балалардың санына қарай үлестірмелі материалдар, үлгі, сулық. | **Қимылды ойын:** «Қар жинаймыз» Мақсаты: Жылдамдыққа үйрету<br><br>Дидактикалық ойын: «Кімнің киімі». Мақсаты: Ұл бала мен қыз бала киімдерін танып білу, ойлау қабілеттерін дамыту. Өз киімдерін ажыратуға үйрету. |

Scanned by TapScanner

**Ақпан айы**
**Өтпелі тақырып: «БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»**

**Мақсаты:** Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру
**Міндеттері:**
-қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **І апта** «**Ғажайыптар әлемі**» | **Сурет салу Тақырыбы: Аққала бізде қонақта.** | **Мақсаты:**Қысқы ойындар туралы әңгімелей отырып, геометриялық пішіндерді пайдаланып, аққаланы салу жолдарын көрсету. Үлкен-кіші дөңгелектерді рет-ретімен дәстүрден тыс бастыру әдісі арқылы, аққаланы бейнесін салу. | аққала- снеговик, қыс- зима | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс губкалы таяқшамен сурет салу. | Су құйғыш, қылқалам, сүлгі, су, гуашь. Қыстың және аққаланың суреті. | **Дидактикалық ойыны «Үй құрылысының ретін көрсет»** <u>**Мақсаты:**</u> түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойыны «Вагондарға дөңгелек таңдау»** <u>**Мақсаты:**</u> геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. |
| | **ІІ апта «Көліктер»** | **Сурет салу Тақырыбы: Машинаның дөңгелектері**<br>**Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақ»** | **Мақсаты**: Дәстүрден тыс тәсілді (тығын) қолдана отырып машина дөңгелегінің суретін салуға үйрету.<br>**Мақсаты:** Екі бөлік ермексаз кесектерін алақан арасында дөңгелектеу. Екінші бөлігін төртбұрыш, үшбұрыш бөлуге үйрету. | Көлік – машина - car<br>Ұшақ- самалет | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу.<br>Мүсіндеу | Әр балаға арналған үлестірмелі материал, қара бояу, тығындар, қол сүрткіштер, су.<br>Ермексаз, тақтайша, сурет үлгілері, сүлгі | «Паравоз» Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:** «Үлкен және кішкентай» Мақсаты: Балалар заттың көлемдерін ажыратуға үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **III апта «Электроника әлемі»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Теледидар» | **Мақсаты:** Шаршы пішінді заттардың суретін салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, Ұқыптылыққа тәрбиелеу | Теледидар - Телевизор - a television | Қылқаламмен сурет салу | Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер, үлгі, акварель бояулар, ақ бет қағаздары. | Жолмен (жалғыз аяқ жолмен).<br>Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де сол тәртіппен қайта қайтады |
| **IVапта «Мамандық-тың бәрі жақсы»** | **Сурет салу Тақырыбы: Ғарышкер зымыраны**<br><br>**Жапсыру Тақырыбы: Тоңазытқыш** | **Мақсаты:** Балалардың ғарыш туралы түсініктерін кеңейту. Зымыран оның құрысы тура-лы айту, геометриялық пішіндерді сәйкестендіре отырып, бейнені қағаз бетіне түсіру дағдыларын бекіту. Еңбектенуге, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мақсаты:** Балаларға тоңазытқыш және оның қасиеті туралы түсінік беру. Пішіні мен бөліктерін дұрыс орналастыра отырып, жапсыруды үйрету. | Зымыран, ғарыш<br><br>Тоңазытқыш-холодильник | ТРИЗ технологиясының элемері арқылы дәстүрден тыс трафареттермен сурет салу.<br><br>Жапсыру | геометриялық пішіндер, үйдің суреті. гуаш, ақ парақ, сүлгі, қылқалам, трафарет<br><br>Үлгі суреттер, дайын холодильник суреттері | «Кішкене өзен арқылы.»<br>Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.<br><br>Жел көбік.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып. |

Scanned by TapScanner

## Наурыз айы
## Өтпелі тақырып: «САЛТТАР МЕН ФОЛЬКЛОР»

**Мақсаты:** Қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.
**Міндеттері:**
-ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;
-шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;
- ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **І апта «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»** | **Сурет салу Тақырыбы: Орамалды безендіру** | **Мақсаты:** Қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, Орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету. Балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу. | Дәстүрден тыс сурет салу | Дайын суретті түрлі түсті бояумен бояу. | Ақ бет қағаз, түрлі түсті қарындаш, сүлгі. | Допты қуып жет.<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. |
| | **ІІ апта «Ертегілер елінде. Театр әлемі»** | **Сурет салу Тақырыбы: Ертегідегі бауырсақ** | **Мақсаты:** Ертегіге шолу жасай отырып, бауырсақтың пішінін, түсін түсіндіру. Домалақ пішінді қағаз бетіне түсіруді қадағалау. | Бауырсақ ертегісі | Қылқаламмен сурет салу. | Бауырсақ суреті, үлгі, қылқалам, су, бояу, сүрткіш, қылқалам, ақ қағаз | Дидактикалық ойын: «Не көрдің, не білдің?»<br>Мақсаты: Тұрмыстық заттар мен топ бөлмесінің жиһаздары мен ойыншықтарды дұрыс қолдануептіліктерін жетілдіру және салыстыруға үйрету. |
| | | **Мүсіндеу Тақырыбы: Қуыршақтың көйлегіне түйме.** | **Мақсаты:** балаларға түйменің пішіні туралы айта отырып, алақанда домалақтау әдісі арқылы түйме жасауды үйрету | Түйме, қуыршақ | Мүсіндеу | Ермексаз, тақтайшалар, сулықтар, үлестірмелі материал. | Дидактикалық ойын: «Адамдар мен көлік жүргізушілері»<br>Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілеттері мен зейіндерін одан ары қарай дамыту. |
| | **ІІІ апта** | **Сурет салу** | **Мақсаты:** Балаларды түрлі- | Жіп орамдары | Фламастермен сурет салу | Тақырыпқа байланысты | **Ойын жаттығу:** «Ұршыққа жіптерді ора» |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Өнер көзі-халықта» | Тақырыбы: «Әжемнің жіп шумақтары» | түсті фломастермен жіп орамының суретін салуға фломастерді қатты қыспай қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуға үйрету. | | | көрнекіліктер, үлгі, фламастер, ақ бет қағаздары. | Мақсаты: Жылдамдыққа үйрету |
| | **IVапта «Нұр төккен, гүл көктем»** | **Сурет салу Тақырыбы: «Көктемгі ағаштар»**<br><br>**Жапсыру Тақырыбы: Оюланған кесе** | **Мақсаты:** Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіру. Мақта таяқшасы арқылы ағаштарға бүршік салу.<br><br>**Мақсаты :** Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен таныстыру. Кесеге ою жапсыруды үйрету. | Көктем- весна, ағаш- дерево<br><br>Ою-орнаменты | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу.<br><br>Жапсыру | Мақталы таяқшалар, ақ бет қағаз, гуаш, сүлгі<br><br>Ойылған ою суреттері, кесе суреті, | **Допты қуып жет.** Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де аланның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.<br>**Күн шұғыласы (сәулесі).** Тәрбиеші өзінің жанына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де:<br>Қабырғаға елбеңдеп,<br>Ойнайды сәуле құбылып.<br>Ымдасаң болды «кел» деп,<br>Жетеді демде жүгіріп. |

Scanned by TapScanner

**Сәуір айы**

**Өтпелі тақырып: «БІЗ ЕҢБЕКҚОР БАЛАМЫЗ»**

**Мақсаты:** Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу және еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Олардың сөйлеуін, зейінін және қиялын дамытуға ықпал жасау.

**Міндеттері:**

-мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек дағдыларын жетілдіру;

- үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету;

-танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I апта «Аялайық гүлдерді»** | **Сурет салу Тақырыбы: Егістіктегі бақбақтар** | **Мақсаты:** Жасыл түсті қағаз бетіне ақ түсті бояумен, мақталы таяқшаны қолдана отырып сурет салуға үйрету. **Ойын тапсырма**: «Құмыраны құрастыр» | Бақ бақ | Дәстүрден тыс мақталы таяқшамен сурет салу | Ақ бет қағаз, гуаш, қылқалам, сүлгі, мақталы таяқша. | Дидактикалық ойын: «Ағашты тап» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, ағаштардың атауын анық айтуға үйрету. Құралдар: Шырша, қайың, емен, терек |
| | **II апта «Ас атасы-нан»** | **Сурет салу Тақырыбы: Дастархандағы бауырсақ**<br><br>**Мүсіндеу Тақырыбы:** Бауырсақ | **Мақсаты:** (Дәстүрден тыс) Қақпақтармен батыру әдісі арқылы сурет салуға үйрету.<br><br>**Мақсаты: Тәрбиелік:** Нанды қастерлеуге тәрбиелеу | Құрметтеу, қасиетті, әдемі.<br><br>Астық, нан, бауырсақ. | Өрнектерді салу жолдарын көрсету.Тіктөртбұрышты дастарханның шетіне,бұрыштарына,ортасына түрлі түсті қызғалдықты ,қошқар мүйізді үйлестіріп саламыз да бояймыз.<br><br>Дәстүрден тыс сурет салу | дастархан-скатерть қылқалам, бояу, батырмалар<br><br>Ермексаз, тақтайшалар, сулықтар, үлестірмелі материал. | Дидактикалық ойын: «Кім көп айтады?» Мақсаты: Балалардың қызығушылықтарын дамыта отыра, сөздік қорын молайту.<br><br>Дидактикалық ойын «Болады болмайды» Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыта отыра сөздік қорын молайту. |
| | | | | | | | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **III апта «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»** | **Сурет салу Тақырыбы: Шөптегі қанқыз** | **Мақсаты:** Дайын шөпке трафарет арқылы қанқызын салуды үйрету, Мақта таяқшасы арқылы үстіне дақтар салу. | Қоңыз-жук | Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру. Қара нүктені мақталы таяқшамен салу | Қанқыз салынған суреті бар парақтар,жасыл майлы бояу,сулы қол сүрткіштер, мақталы таяқша, су. | Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Мақсаты: Тыңдау, есті қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру |
| | **IVапта «Еңбек бәрін жеңбек»** | **Сурет салу Тақырыбы: «Қошақандарға шөп береміз»**<br><br>**Жапсыру Тақырыбы:** «Жемсауыт пен ұя» | **Мақсаты:** Жасыл түсті пайдалана отырып шөптердің суретін салуға үйрету. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу. береміз»<br><br>**Мақсаты:** Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерді кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу. | Шөп- трава<br><br>жемсауыт-кормушки-feeder, ұя-гнездо-nest, қарлығаш-ласточка-Swallow,көкек-кукушка-cuckoo,бұлбұл-соловей-nightingale | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу.<br><br>Жапсыру | Қылқалам, су, сүлгі, гуашь, бояу, шанышқы.<br><br>Тақырыпқа байланысты сурет, ақ бет қағаз | Дидактикалық ойын «Айтшы қандай?» Мақсаты: Балаларды заттың белгілерін анықтауға үйрету<br><br>Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Мақсаты: Тыңдау, есті қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру. |

Scanned by TapScanner

**Мамыр айы**

**Өтпелі тақырып: «ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН!»**

**Мақсаты:** Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін анықтау, оларды достық сезімге, мейірімділікке тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

-балалардың топтағы қарым-қатынас дағдыларын анықтау және дамыту;

-достыққа, мейірімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізу;

-өз еліне құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрісін дамыту.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **І апта «Достық-біздің тірегіміз»** | **Сурет салу Тақырыбы: Желбірейді жалау** | **Мақсаты:** Балаларға бірлік мерекесі туралы түсінік бере отырып, мерекелерде қолданатын жалауды түсіндіру. | Достық - Дружба, жалау-флаг | Қағаз бетіне кішкентай көк түсті жалаушаның суретін салу | Жалаудың суреті, түрлі-түсті геометриялық пішіндер, бала саны бойынша қағаз, түрлі-түсті қарындаштар. | Дидактикалық жаттығу: «Зейінді бол» Мақсаты: тыңдау, есту қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру |
| | **ІІ апта «Отан қорғаушылар»** | **Сурет салу Тақырыбы: «Жұлдызша»** | **Мақсаты:** Балаларды дайын үлгідегі суретті қызыл түсті гуашпен бояуға, қылқаламды пайдалану дағдыларын бекіту. | Жұлдыз- звезды | Дайын үлгі суреттерді қызыл гуашпен бояу. | Үлгі суреттер, қылқалам, ақ қағаз, бояулар, су, сүлгі. | **Дидактикалық ойын**: «Бұл қандай пішін» Мақсаты: Балалардың зейінді болуға үйрету. |
| | | **Мүсіндеу Тақырыбы:** «Ұшақ» | **Мақсаты:** Бейне салынған көгілдір қағаз ортасына ермексазды жағу арқылы ұшақты бейнелеу. Ұшақтың қай көлік түріне жататынын түсіндіру | Ұшақ- самалет | Мүсіндеу | Ермексаз, тақтайша, сурет үлгілері, сүлгі. | Дидактикалық ойын: «Төлін тауып бер» Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдерінің ажыратуға үйрету. |
| | **ІІІ апта «Көңілді жаз»** | **Сурет салу Тақырыбы: Балықтар жүзеді** | **Мақсаты:** Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіре | Балық- рыба, акварюм | Дәстүрден тыс тәсілдермен | Майшам, А4 қағазы, акварель | **Доп.** Тәрбиеші ойынды бір баламен ойнаудан бастайды. Қолын оның |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | отырып, майшамның көмегімен аквариумдағы балықты салуды үйрету. | | майшаммен сурет салу. | бояуы, сурет үлгілері, сүлгі. | басына қойып, доп сияқты секіруді ұсынады. Бала қос аяқтап секіреді, ал тәрбиеші мынадай өлең айтады:<br>Секең, секең секеңдеп,<br>Қайда зырлап кетпес доп.<br>Төмен, төмен, төмендеп,<br>Жерге жетер-жетпес доп.<br>Доп болып осылай секіргісі келетіндер міндетті түрде табылады. Тәрбиеші әрқайсысымен кезекпен ойнайды. |
| | **IVапта «Мен жасай аламын»** | **Сурет салу Тақырыбы: «Доп саламын»**<br><br>**Жапсыру Тақырыбы:** «Қошақан» | **Мақсаты:** Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуды бекіту.Өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен карауға үйрету.<br><br>**Мақсаты:** Үй жануары қошақан бейнесін жырту тәсілі арқылы жапсыру. Жапсыру барысында төзімділік пен ұқыптылық дағдыларын бекіту. | Доп-мячь<br><br>Қошақан, жануар, | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс құммен сурет салу.<br><br>Жапсыру | Доптың суреті, құм жәшігі, сүлгі.<br><br>Сурет үлгілері, қошақан суреті, сүлгі. | **Ойын тапсырма:** «Менің доптарымның түсін ата»<br>**Мақсаты:** Балалардың түс тануға үйрету.<br><br>Қимыл-қозғалыс ойындары «Сол жақ па, оң жақ па?» Ойын шарты: Ойыншылар 2 командаға бөлініп тұрады. Белгі берілгенде екі жақ қарама-қарсы бағытқа қарай жүреді. «Солға», «оңға» деген бағыт айтылғанда ойыншылар осы бағытқа бұрылып тоқтайды. Кім шатасса, сол ойыннан шығады, ойын одан әрі жалғасады. Қарсы топтағы ойыншыларды азайтқан топ жеңіске жетеді |

Scanned by TapScanner